



ҚАРЖЫ ҚАЙДА ЖҮМСАЛАДЫ?

3-БЕТ | ЕЛОРДА ТЫНЫСЫ



«ТӨРТІНШІ БИЛІКТІ» ТҮРМАНЫ ТҮГЕЛ МЕ?

5-БЕТ | МӘСЕЛЕ



ТЕЛЕФОН ТЕРРОРИЗМІ

6-БЕТ | ҚҰҚЫҚ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Дүниежүзілік азық-түлік тапшылығымен күресте Қазақстан өзінің ауыл шаруашылығы әлеуетін одан әрі пайдалануға ниетті. Азық-түлік пен тыңайтқыштардың халықаралық саудасына санкция салынбауы және басқа да шектеулер қойылмауы керек. Қазіргі геосаяси ахуал жағдайында сенімді әрі әртараптандырылған жаһандық транзит пен көлік инфрақұрылымының маңызы арта түсті. Бұл орайда Қазақстан көлік бағыттарын әртараптандыру жұмыстарын жүргізіп, Транскаспий халықаралық көлік дәлізін (Орта дәліз) белсенді дамытып келеді.

№6
(4439)
Сейсенбі
17 қаңтар
2023 жыл



ASTANA

ELORDA
AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ҚАЛЫҢ ҚАР – ЖЕРДІҢ НӘРІ

Табиғаттың бір тылсым сыйы қар екені анық. Қардың суы жердің нәрі десек те болады. Сондай-ақ аппақ қар адамның көңілін де көтереді. Сондықтан болар, жер-жаһанда қар мерекесі ұйымдастырылады. Мұндай мереке қыстай қарбаласып жататын біздің Астанада да жыл сайын өткізіледі. Елорданың орталық саябағында «World snow day» қар фестивалі ұйымдастырылды.

8

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының таза табысынан «Қазақстан халқына» қоғамдық қорына қаражат бөлу қағидасы әзірленді.

ҚОРҒА ҚАРЖЫ БӨЛЕДІ

Құжатта «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры жыл сайын «Қазақстан халқына» қоғамдық қорына аудиттелген қаржылық есептілік негізінде Қор компаниялары тобының таза пайдасының кемінде пайызы мөлшерінде қаражат бөлетіні жазылған.

Ал Қордың Қоғамдық қорға бөлінген қаражатты беруі Қордың жылдық қаржылық есептілігін бекіту және оның таза табысын бөлу туралы мәселелерді жыл сайын қарау шеңберінде немесе Қордың өткен кезеңдердегі таза пайдасын бөлу шеңберінде қабылданатын Қордың Жалғыз акционерінің тиісті шешімі негізінде іске асырылады.

Құжат 30 қаңтарға дейін қоғам болып талқылау үшін Ашық НҚА сайтында жарияланды.

«Қазақстан халқына» қоғамдық әлеуметтік қоры Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша 2022 жылғы қаңтарда құрылған.

ҚҰЖАТЫ ДҰРЫС БОЛСА ТІРКЕЛЕДІ

Елімізде Армениядан әкелінген көліктерді тіркеу және оларды аталған елден шығару мәселесі жөнінде ІІМ Әкімшілік полиция комитеті төрағасының міндетін атқарушы Қайсар Сұлтанбаев мәлімет берді.

«Қазақстанға әкелінген армян көліктеріне қатысты бірқатар сұрақ туындап жатыр. Соңғы 2-3 жыл ішінде біраз көлік уақытша тіркелді. Әкелінген автокөліктерді заңдастыру қаралып, мәселе толығымен шешіледі. Арменияның Ішкі істер министрлігімен

көліктерді тіркеуден шығару бойынша бірлескен іс-шара өткізілуде. Сырттан бөлшектеңіп жеткізіліп, елде құрастырылған көліктерге қатысты мәселе де қарастырылып жатыр. Бастысы, көлік иесі тиісті құжаттарды өткізе болғаны. Ушығатын-

дай мәселе жоқ» деді Қайсар Сұлтанбаев министрлікте өткен баспасөз мәслихатында.

Бұдан бөлек, министрліктен шетелдік көліктер Интерпол және ТМД елдерінің базасы арқылы тексерілетіні хабарланды.



АНЫҚТАМА ТЕГІН БЕРІЛЕДІ

Теміржол вокзалының анықтама қызметіне ұялы телефоннан тегін қоңырау шалуға болады. Бұл туралы Үкімет басшысы Әлихан Смайылов Сенат депутаттарының сауалына жауабында мәлім етті.

«1433» анықтама нөміріне қоңырау шалу құны қалалық нөмірден минутына 0 теңгені, ұялы телефоннан минутына 25 теңгені құрайды. Қазіргі уақытта клиентке бағдарлануды арттыру мақсатында «Анықтама

қызметін» жетілдіру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Нақтырақ айтқанда, 2023 жылдан бастап «1433» анықтама нөміріне қоңырау шалу қалалық және ұялы нөмірден тегін болады» деді Премьер-министр.



Кеше «Үлкен дулыға» санатындағы Australian Open турнирі басталды.

Қазақстанның бірінші ракеткасы Елена Рыбакина (әлемдік рейтингте – 22 орында) бірінші ойында италиялық Элизабетта Коччареттомен кездесіп, екі сетте де (7:5, 6:3) жеңіске жетті.

Елена Рыбакина өткен жылы Уимблдон турнирінде чемпион атанып, Қазақстан спорты тарихына жаңа жетістік енгізген болатын.



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САММИТТЕ СӨЗ СӨЙЛЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Біріккен Араб Әмірліктеріне ресми сапары аясында «Абу Даби тұрақты даму апталығы» атты саммиттің ашылу рәсіміне қатысты. Сонымен қатар жиынға Біріккен Араб Әмірліктерінің Президенті шейх Мұхаммед бен Заид Әл Нахаян, Оңтүстік Корея Президенті Юн Сок Ёль, Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев, Ангола Президенті Жуан Лоренсу, Мысыр Сыртқы істер министрі, БҰҰ Климаттың өзгеруі жөніндегі конференциясы 27-сессиясының (COP27) президенті Самих Шукри, сондай-ақ саясаткерлер, жаңартылатын энергия, технологиялық даму және инновация салаларының жетекшілері, инвесторлар мен кәсіпкерлер қатысты.

Саммит аясында Қасым-Жомарт Тоқаев сөз сөйледі. ADSW 2023 – орнықты даму үдерісіне халықаралық күш-жігерді қолдауға бағытталған БАӘ жаһандық бастамасы. Абу Даби саммиті – азық-түлік пен су ресурсы қауіпсіздігі, энергияға қолжетімділік, өнеркәсіпті көміртегінен арылту, денсаулық сақтау және климаттағы өзгерістерге бейімделу сияқты ауқымды әрі өте маңызды мәселелерге арналған биылғы алғашқы халықаралық форум. Жиынның мақсаты – жаһандық қоғамдастықты біріктіретін және түрлі мәселелерде, жаңашыл серіктестік қатынастар мен инновациялық шешімдерде келісімге қол жеткізу үшін конструктивті диалогқа жол ашатын орнықты даму саласының күн тәртібін қалыптастыру және

COP28 конференциясына тың серпін беру.

ADSW 2023 алаңында алғаш рет Жасыл сутегі саммиті өткізіледі. Онда экономиканың негізгі секторларын көміртегінен арылту ісінде саммиттің әлеуеті айқындалады. «Абу Даби тұрақты даму апталығы» саммитінің аясында Zayed Sustainability Prize сыйлығын тапсыру рәсімі өтті. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев сыйлықты Global High Schools номинациясы бойынша (Америка аймағы) колумбиялық Fundacion Bios Terrae - ICAM Ubate мектебіне табыс етті. Zayed Sustainability Prize – тұрақты даму саласындағы орасан зор жетістігі үшін берілетін Біріккен Араб Әмірліктерінің жаһандық сыйлығы. Бұл марапат БАӘ

Тұңғыш Президенті марқұм шейх Заид бен Сұлтан Әл Нахаянның гуманитарлық мұрасына құрмет белгісі ретінде 2008 жылы өткен «Болашақтың энергиясы» әлемдік саммитінде тағайындалды. Аталған сыйлық денсаулық сақтау, азық-түлік, энергетика, суды үнемді пайдалану секілді санаттар бойынша тұрақты даму саласындағы тиімді және инновациялық шешімдері үшін коммерциялық емес ұйымдарға, шағын және орта кәсіпорындарға және орта мектептерге беріледі. 2009 жылдан бері әлем бойынша 96 адам осы сыйлықтың иегері атанды. Zayed Sustainability Prize сыйлығының жүлдесі – 3 миллион АҚШ доллары. Биыл сыйлыққа 152 елден 4 538 өтінім түсіп, оның үздік 30 жобасы финалға өткен.

БІРЛЕСКЕН КҮШ-ЖІГЕР БӘРІН ЖЕҢЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Үндістан Премьер-министрі Нарендра Модидің шақыруымен «Жаһандық Оңтүстік дауысы» виртуалды саммитіне қатысты. Бұл жиын «Бір дауыс, бір мақсат» ұранымен өтті. Президент сөзінің басында осы маңызды форумға шақырғаны үшін Премьер-министр Нарендра Модиге алғыс айтты.

Сондай-ақ Үндістанды биыл «Үлкен жиырмалыққа» (G20) төрағалығының басталуымен күттықтады. Сондай-ақ Қазақстанда Үндістан төрағалығын Нью-Делидің жаһандық беделі мен ықпалының әлемдік қоғамдастық тарапынан лайықты мойындалғаны деп қарастыратынын атап өтті.

Президент әлемде болып жатқан дағдарыстар орнықты дамуды қамтамасыз ету және климаттың өзгеруіне қарсы күрес жөніндегі 2015 жылы келісілген шараларға кедергі келтіріп отырғанын мәлімдеді. Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның өзара диалог пен жаһандық деңгейдегі ортақ мүддені іздеу арқылы туындаған проблемаларды шешуге ниетті екенін растады. Мемлекет басшысы форумда сөйлеген сөзінде бірқатар маңызды міндетке назар аударды. Атап айтқанда, Президент барлық елді Орнықты даму мақсаттарына (ОДМ) қол жеткізу үшін күш біріктіру-

ге шақырды. Оның пікірінше, ОДМ-ды жүзеге асыру ісі жекелеген мемлекеттер деңгейінде ғана емес, өңірлік және жаһандық деңгейде де бірлескен күш-жігерді талап етеді. «Сондықтан Қазақстанда Орталық Азия мен Ауғанстан үшін ОДМ жөніндегі БҰҰ-ның Өңірлік орталығын ашу қажет деп санаймыз. Мұндай орталық БҰҰ-ның өңірдегі жобалық қызметін барынша тиімді үйлестіруге мүмкіндік береді» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент климаттың өзгеруіне қатысты мәселеге де тоқталды. Мемлекет басшысы әлемдегі орташа деңгеймен салыстырғанда температура Орталық Азияда тез көтерілетінін атап өтті. Соңғы бірнеше жылда Орталық Азия аймағының бес еліңде қатты қуаңшылық болды. Оның пікірінше, климаттың өзгеруі халықаралық ынтымақтастықты одан әрі нығайта түсуді қажет етеді.

Мемлекет басшысы осы саммиттің ашылуында сөйлеген сөзінде энергетикалық қауіпсіздік, климаттың өзгеруі, атом энергиясын пайдалану туралы ойларын бөлісті. Президент анағұрлым таза әрі «жасыл» әлем жолындағы орнықты даму баршаға ортақ міндет екенін атап өтті. «Өкінішке қарай, геосаяси тұрақсыздықтың шиеленісуі және энергетикалық қауіпсіздіктің сақталмауы климаттың өзгеруіне қатысты мәселені елеусіз қалдырды. Жаһандық орташа ауа температурасы көтерілген сайын әлемдегі

құнарлы азықтың 66 пайызын қамтамасыз ететін негізгі ауыл шаруашылығы дақылдарының шығымы едәуір азаюы ықтимал. Сондай-ақ тұщы су тапшылығына душар болу қаупі зор» деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, климаттың өзгеруіне қарсы күрес тек даму немесе жаңғырту шараларымен ғана шектелмей, өзара тығыз байланыста қатар жүруге тиіс. «Халықаралық қоғамдастық климаттың өзгеруіне қарсы күрес шараларын қаржыландыру мәселесіне қатысты міндеттемелерін

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев су саласындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесіне де тоқталды. БҰҰ есебіне сәйкес, климаттың өзгеруі салдарынан жер бетінде 5 миллиардтан астам адам ауысуға әреу болуы мүмкін. Президент су тапшылығы мен тұрақсыздықтың белең алуы мемлекеттердің азық-түлік, энергетикалық және экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге кері әсерін тигізеді деп санайды. Бұдан бөлек, экономикалық, геосаяси шиеленіс және тұрақсыздық күшейіп келеді. Түптеп келгенде, оның салдары бүкіл әлемдегі, әсіресе қуаңшылыққа жиі ұшырай бастаған Жаһандық Оңтүстіктегі қауіпсіздікке қатты әсер етуі мүмкін. «Осыған байланысты мен су ресурстарын тиімді әрі әділ пайдалануға септігін тигізетін су технологияларын өзара бөлісу үшін айрықша құқықтар мен преференциялар жүйесін енгізуді ұсынамын» деді Президент.

арттыра түседі деп сенеміз. Бүгінгі жиынның маңыздылығы да – осы. Қазақстан көміртегі бейтараптығына қол жеткізудің ұзақмерзімді міндеттемелерін айқындады» деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Мемлекет басшысының айтуынша, Қазақстан – көміртегі бейтараптығына қол жеткізу үшін ұзақмерзімді стратегия қабылдаған Орталық Азиядағы алғашқы ел. Президент саммит қатысушыларына Қазақстандағы жаңартылатын және баламалы энергия көздерінің перспективалары туралы мәлімет берді.

СЕНАТ ДЕПУТАТТАРЫ САЙЛАНДЫ

Орталық сайлау комиссиясы 14 қаңтарда өткен Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты депутаттары сайлауының түпкілікті қорытындысын шығарды. Құзырлы органның мәліметі бойынша, республиканың 20 өңірінен 20 маңдатқа 55 үміткер дауысқа түсті. 3167 таңдаушының 2904 немесе 91,7 пайызы дауыс беруге қатысты. Жалпы ұсынылған үміткерлер саны – 130. Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіров Сенатқа 20 депутат сайланғанын мәлімдеді. Олардың 17-сі – ер адам, 3-еуі – әйел, орташа жасы – 53,8 жас. Сайлау кезінде бір орынға орта есеппен 6 үміткер таласты. Сонымен сайланған 20 депутат мыналар:

Абай облысынан – Қайрат Құлбайұлы Тастекеев;
Ақмола облысынан – Талғат Тұрлыбекұлы Жүнісов;
Ақтөбе облысынан – Амангелді Шайхололаұлы Нугманов;
Алматы облысынан – Жанболат Әкебайұлы Жөргенбаев;
Атырау облысынан – Әлібек Ибатоллаұлы Наутиев;
Батыс Қазақстан облысынан – Арман Кәрімұлы Өтегүлов;
Жамбыл облысынан – Сәкен

Қаланұлы Арубаев;
Жетісу облысынан – Амангелді Ғабдылкерімұлы Толамисов;
Қарағанды облысынан – Серік Балғатайұлы Өтешов;
Қостанай облысынан – Ғауез Торсанұлы Нұрмұхамбетов;
Қызылорда облысынан – Руслан Рүстемов;
Маңғыстау облысынан – Бекбол Тілеумұратұлы Орынбасаров;
Павлодар облысынан – Ернұр Нұрмұханұлы Әйткенов;



Солтүстік Қазақстан облысынан – Гүлмира Раинбекқызы Кәрімова;
Түркістан облысынан – Мұрат Болатұлы Қадырбек;
Ұлытау облысынан – Советбек Тұрсынұлы Медебаев;
Шығыс Қазақстан облысынан – Шәкәрім Сабырұлы Бұқтұғұтов;
Астана қаласынан – Бибігүл Нұрғалиқызы Жексенбай;
Алматы қаласынан – Жанна Бейсентайқызы Асанова;
Шымкент қаласынан – Нұрлан



Құдиярұлы Бекназаров.
Сенаттың жаңа құрамына кірген 20 депутаттың үшеуі – әйел, 17-сі ер адам. Орташа жасы – 53,8 жас. Сайланған барлық 20 депутаттың да ұлты – қазақ. Орталық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары Константин Петров олардың бұрын қандай қызмет атқарғаны туралы мәлімет келтірді. «Сайланған депутаттардың ішінде Сенаттың қазіргі 4 депутаты, облыстық мәслихаттардың 5 хатшысы,

облыс әкімдерінің 4 орынбасары, 2 ауданның әкімі, орталық мемлекеттік органдардың 2 қызметкері, 1 оқу орнының басшысы, бір облыстық басқарманың басшысы және акционерлік қоғамның 1 өкілі бар. 20 маңдатпен Сенат құрамының жаңауы 80 пайызды құрайды» деді ол ОСК-ның отырысында.

Ал шығып қалған бір сенатордың орнына Андрей Лукин қайта депутат болып сайланды. 31 сайлаушының 29-ы оны жақтап дауыс берген.

ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Тунисте Президентке қарсы наразылық акциясы өтті.

Экономикалық дағдарыс жағдайына тап болған халық Үкімет басындағылардың ауыс-түйісін талап етуде. Елде азық-түлік жетіспейді. Атап айтқанда, кофе, қант пен сүт өнімдері тапшы. Сондай-ақ жұмыссыздық деңгейі 15%-тен асқан. Ал елдің мемлекеттік қарызы оның жалпы ішкі өнімінің шамамен 80%-ін құрайды. Қазан айының ортасында Тунис Халықаралық валюта қорынан 2 млрд қаржылық көмек пакетін сұрады.



Қытайда бір ай ішінде 60 мыңға жуық адам қайтыс болды.

Қытай билігі коронавирус шектеулерін бәсеңдеткеннен кейін яғни, желтоқсан басынан бері елде 60 мыңға жуық адам коронавирустан қайтыс болғанын мәлімдеді. Қытай денсаулық сақтау жөніндегі ұлттық комиссиясының хабарлауынша, 8 желтоқсан мен 12 қаңтар аралығында 59 938 адам қайтыс болған. Олардың 5,5 мыңы коронавирус инфекциясына байланысты тынысы тарылып, тұншығып өлген. Қалғанында коронавирус инфекциясы мен өзге ауру түрлері болған.




Непалда Yeti Airlines компаниясының жолдаушылар ұшағы апатқа ұшырады.

Ұшақ бортында болған 68 жолаушы (оның екеуі – бала) және экипаждың 4 мүшесі көз жұмды. Әлеуметтік желілерде жарияланған видеолардан ұшақтың елді мекен төбесінен төмен ұшып, құрт бұрылғанын көруге болады. Непал астанасы Катмандудан Покхару әуежайына ұшып келген ұшақ қонақ кезде өртенген. Апаттың себебі белгісіз.

Непал биік таулар рельефі мен құбылмалы ауа райына байланысты ұшуға қауіпті елдердің бірі саналады.

ЖЫЛУ ЭЛЕКТР ОРТАЛЫҚТАРЫ ЖАҢҒЫРТЫЛАДЫ



Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек қаладағы жылу электр орталықтарының жұмысы туралы мәлімет берді.

«Қаламызды жылумен ЖЭО-1 және ЖЭО-2 қамтамасыз етеді. Осы жылу электр орталықтарына жаңғырту жұмысын жүргіземіз. Сонымен ЖЭО-2-де 7 және 8 қазандықтың құрылысын жобалау ісі жүріп жатыр. Бұл қазандықтар сағатына қосымша 360 гигакалория қуат береді. Сондай-ақ ЖЭО-2 турбинасын жаңғыр-

туды жоспарлап отырмыз, ол электр қуатын 35 мегаваттқа арттырады. ЖЭО-1-де үш газ-мазутты қазандығы газға ауыстырылды, өсім – 50 гигакалория, бұдан өзге түтін құбырын ауыстыруды жоспарлап отырмыз.

Сонымен қатар ЖЭО-1 және ЖЭО-2-дегі барлық су жылыту қазандығы

газға ауыстырылды. Сондай-ақ келесі жылыту маусымына дейін ЖЭО-3 және екі газ жылу станциясын қолданысқа беруді тапсырдым. Бұл шаралар жылумен жабдықтаудың қазіргі қуатын едәуір арттыруға әрі құрылысы жүріп жатқан аудандарды жылумен қамтуға мүмкіндік береді» деп атап өтті елорда әкімі.

ҚОСЫМША ҚАРЖЫ ҚАЙДА ЖҰМСАЛАДЫ?

Астана қаласының 2023-2025 жылдарға арналған бюджетіне өзгерістер енгізілді. Кеше қалалық Қоғамдық кеңес отырысында бұл өзгерістермен шаһардың Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Қайсар Маңқараев таныстырды. Отырысқа қала әкімінің орынбасары Есет Байкен қатысты.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Басқарма басшысының айтуынша, жеке табыстар бойынша жоспарды 15,8 млрд теңгеге көбейту ұсынылды. Соның ішінде салықтық түсімдер 15 млрд теңгеге, салықтық емес түсімдер 509,8 млн теңгеге және негізгі капиталды сатудан түскен қаржы 300 млн теңгеге ұлғайтылды. Ал осы жылдың 1 қаңтарына өткен жылдың бюджетінен қалған 37 млрд теңгені қаладағы қажет жұмыстарға бөлу ұйғарылды. Бұған 30,1 млрд теңгеге асыра орындалған кірістер кіріп отыр.

Сонымен бірқатар басқармалар мен департаменттерге, қала аудандары әкімдіктеріне қосымша қаржы бөлініп отыр. Атап айтқанда, Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасына қосымша 784 млн теңге бөлінді. Бұл қаржы елорданың ауруханалары мен емханаларын күрделі жөндеуін жалғастыру мен аяқтауға бағытталады.

Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасына қосымша бөлінген 676,2 млн теңге Ауғанстаннан кеңес әскерлерін шығару күніне 953 адамға, Чернобыль апаты құрбандарын еске алу күніне 360 адамға әлеуметтік төлем жасауға, жеке көмекші қызметіне және Жұмыспен қамту орталығының жұмысына жұмсалады.

Білім басқармасына 2 млрд 180 млн теңге қосымша бөлінді. Бұл қаржы мұғалімдер жалақасына, білім мекемелерін ағымдағы және күрделі жөндеуге бағытталады. Мәдениет басқармасына бөлінген қосымша қаржының көлемі – 3 млрд 15 млн теңге. Аталмыш қаржы жан

басына мемлекеттік шығармашылық тапсырысты қаржыландыруға, іссапарлар шығынына, Асқар Забикулинге бюст орнатуға, елорда филармониясына ғимарат сатып алуға бөлінді.

Ішкі саясат басқармасына қосымша бөлінген 5,3 млн теңге жалақы қорына салынды. Дене шынықтыру және спорт басқармасына қосымша ретінде қарастырылған 2 млрд 810 млн теңгенің жартысынан астамы мемлекеттік тапсырыс аясында жан басына спорт секцияларын қаржыландыруға бөлінді. Жастар саясаты мәселелері басқармасына саладағы шараларды іске асыруға қосымша 6,6 млн теңге қарастырылған. Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасына қосымша бөлінген 19 млрд 895 млн теңге жол құрылысын бастау мен жалғастыруға, көшелерді ағымдағы және орташа жөндеуге, қоғамдық көлік тасымалдаушыларын субсидиялауға, бағдарламалар құрылысын жалғастыруға бағытталады.

Отын-энергетика кешені және коммунальдық шаруашылық басқармасына қосымша 2 млрд теңге бөлінді. Бұл қаржы нөсер көріздерін ұстау мен тазалауға қарастырылған. Құрылыс басқармасына қосымша бөлінген 1 млрд 43 млн теңге коммунальдық тұрғын үй қорына жататын баспананы жобалауға, салуға, жаңғыртуға бағытталады. Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясына қосымша бөлінген 1 млрд 961 млн теңге жер телімдерін сатып алуға, жеңілдікті санаттағы азаматтардың баспананы жалға алуын төлеуге, 5 көппәтерлі үйде 10 лифті ауыстыруға жұмсалады.

Алматы ауданы әкімі аппаратына қосымша 636 млн теңге бөлінді. Аталған

қаржы елді мекендерді абаттандыру мен жарықтандыруға бағытталады. Байқоңыр ауданы әкімі аппаратына осы жұмыстарға 176 млн теңге қосымша қарастырылды. Бұл жұмыстарға Есіл ауданы әкімі аппаратына 398 млн теңге, Сарыарқа ауданы әкімі аппаратына 215 млн теңге қосымша бөлінді.


Активтер және мемлекеттік сатып алулар басқармасына қосымша қарастырылған 250 млн теңге пәтерлерді сатып алуға бағытталады. Полиция департаментіне қосымша 955 млн теңге бөлінді. Бұл қаржы жалақы қоры мен тұрғын үй төлемдеріне жұмсалады. Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасына қосымша бөлінген 116,6 млн теңге қаланың коммунальдық қызметтеріне арнайы техниканы сатып алуға бағытталады. Цифрландыру және мемлекеттік қызмет көрсетулер басқармасына қосымша бөлінген 1 млрд 250 млн теңге «Артспорт» порталын жүргізуге, инновациялық қызметті қамтамасыз етуге, iKomet қызметіне және бақылау басқармасына қосымша 15 млрд 82 млн теңге қарастырылған. Бұл қаржы қараусыз және қаңғыбас жануарларды қарауға, «Елорда құрылыс» компаниясынан баспана сатып алуға бағытталады.

– Осылайша енгізілген өзгерістерді есепке алғанда Астана қаласының 2023 жылға арналған бюджеті көлемі 796 млрд 820 млн теңгені құрайды. Соның ішінде жеке кіріс түсімдері 568 млрд, 938 млн теңге, республикалық бюджеттен трансферттер 187 млрд 571 млн теңге, займдар түсімдері 2 млрд 810 млн теңге, бос қалдықтар 37 млрд теңге, – деді Қайсар Маңқараев.

Қоғамдық кеңес мүшелері баяндамашыға сұрақтар қойып, ұсыныстар айтты. Кеңес мүшесі Бауыржан Смайылов бюджетке сараптама жасады. Ол оның қорытындысын жариялады. Отырыс соңында бюджетке енгізілген өзгерістер қолдау тапты.

Испанияда бір реттік пластик құты мен қаптаманы қолдануды шектейтін заң шықты.

Испанияда азық-түлік пен сусындарды салмағы мен литрін өлшеп сататын барлық сауда нүктелерін тұтынушылардың өз ыдыстарына салып немесе құйып беруді міндеттейтін жаңа заң күшіне енді. Мұндағы мақсат – бір рет қолданылатын пластик қаптамаларды пайдалануды азайту. Испандық дистрибьюторлар өзіне-өзі қызмет көрсететін күндер азық-түлік салуға кез келген контейнер жарай қоймайтынын ескертуде.



Ташкентте кейінгі 50 жылдағы ең суық ауа температурасы тіркелді.

Ташкент қаласында 13 қаңтар күні -19,8 градус суық тіркелді. Бұл – Өзбекстан астанасындағы кейінгі жарты ғасырдағы ең суық температура. «Узгидромет» ақпарат қызметінің хабарлауынша, бұған дейін 2007-2008 жылдың қыс айларында Ташкентте температура -17,4 градусқа дейін төмендеген. Сонымен қатар елдегі суық ауа райына байланысты халықаралық бағыттар бойынша тұрақты автобус қатынасы уақытша тоқтатылды.

АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ЖӘНЕ ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ ЖЕТІНШІ САЙЛАНЫМЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

2023 жылғы 19 қаңтарда сағат 09.00-де Астана қаласы мәслихатының жетінші сайланымының кезектен тыс сессиясы шақырылады.

Сессияның қарауына келесі мәселе енгізіледі:

1. Астана қаласының кейбір құрамдас бөліктеріне атау беру туралы.
2. Астана қаласының кейбір құрамдас бөліктеріне атау беру және қайта атау туралы.
3. Астана қаласында құрылған жаңа ауданға атау беру туралы.
4. Астана қаласы әкімдігінің дербес құрамын келісу туралы.
5. «Қазақстан Республикасының елордасы – Астана қаласын басқару тәсімі туралы» Астана қаласы мәслихатының 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 235/32-VII шешіміне толықтыру енгізу туралы.

Е. КАНАЛИМОВ,

Астана қаласы мәслихатының төрағасы

МЫҢ ШӘКІРТ ШЕРТКЕН КҮЙ

Астанада мың оқушы күй ойнаған ауқымды домбыра сабағы Гиннестің рекордтар кітабына енді. Онлайн рекордты тіркеу туралы ақпарат Гиннесс рекордтар кітабының ресми сайтында жарияланды.



Еске салсақ, 2022 жылдың мамыр айында елордадағы физика-математика бағытындағы Зияткерлік мектепте оқу жылын аяқтаған ең ауқымды домбыра сабағы өтіп, рекорд «Ең ауқымды домбыра сабағы» атауымен онлайн тіркелді.

Қазақ халқының басты ұлттық аспабы – домбыра Назарбаев Зияткерлік мектептерінің символына айналды. Бүгінгі таңда еліміздегі барлық NIS-те домбыра пәнінің элективті курстары енгізіліп, оның аясында Құрманғазы Сағырбайұлы, Тәттімбет Қазанғапұлы, Нұрғиса Тілендиевтің атақты күйлерінің тарихы міндетті түрде

оқытылады, ал ең танымал жобалардың қатарында «100 күйдің тарихы» жобасы бар. Барлық мектепте домбыра ансамбльдері мен студиялары жұмыс істейді, домбыра сабақтары математика, физика, шет тілі сабақтарымен ұштастырылуда. Жас музыканттар «Ұлы дала мұрагерлері» дәстүрлі флешмобында жыл сайын ел сахналарын бағындырып жүр. Домбыра мен ұлттық музыкаға деген қызығушылықты арттыру бойынша жүйелі жұмыс NIS-тің халықтық құндылықтар мен дәстүрлерді сақтау бойынша ауқымды бағдарламасы аясында іске асырылып келеді.

АЛЛО, «АСТАНА АҚШАМЫ»!

Ұлжан ИМАНӘЛИЕВА, қала тұрғыны:

– Үш балам бар. Үшінші қызым ерекше күтімді қажет ететіндіктен, үйде жұмыссыз отырмын. Жолдасым да 3-дәрежелі мүгедек болғандықтан, көп жұмыстарға жарамайды. Айлығы аз жеңіл жұмыстар істейді. Жаңа жылдан бастап бізге әлеуметтік төлем алу бойынша жаңалық бар ма?

Бұл сауалға «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ басқарма төрағасы Ростислав КОНЫШКИННИҢ жауабын ұсынамыз:

– Иә, 2023 жылдан бастап мүмкіндігі шектеулі жандарға әлеуметтік төлем алуға өтініш беру үшін көптеген анықтамаларды жинаудың қажеті болмайды. EGov.kz порталы мен eGov mobile мобильді қосымшасында мүмкіндігі шектеулі жандарға әлеуметтік төлемдер тағайындау бойынша жаңа қызмет іске қосылып, тұрғын-

дар өтінішті онлайн бере алады. Жаңа қызметтің ыңғайлылығы мен артықшылығы – қызметті онлайн алған кезде өтініш беруші туралы барлық деректер мемлекеттік органдардың дерекқорынан автоматты түрде тартылады. Деректерді дұрыс енгізген жағдайда өтініш берушіні растайтын ақпарат экранда көрсетіледі.

«ҰАТ» АҚ командасы мүмкіндігі шектеулі жандар үшін қажетті және сурандыра ие мемлекеттік қызметтерді цифрландыру бойынша жұмысты жалғастыруда.

АҚ ҚАРДЫҢ ҚАРА ЖҰМЫСЫН ЖЕҢІЛДЕТУГЕ БОЛА МА?

Астананы ақ қар басып қалғанда көлік те малтығып, жүргіншілер де омбылап, бір қадам басу мұң болады. Бұл енді алғашқы сәтте ғана, артынша қар күрейтін көліктер орталық көшелердің қарын қалқып алып кеткенде, қар тазалаушылардың қалың қолы қарап қалмай техника тұмсығы жетпейтін жерлердің қарын күреппен күреп шығады.



ҚЫС МЕЗГІЛІНІҢ БАСЫНАН БЕРІ ҚАЛАДАН 1,9 МЛН ТЕКШЕ МЕТРДЕН АСТАМ ҚАР ШЫҒАРЫЛДЫ. СОҒҒЫ МӘЛІМЕТ БОЙЫНША ҚАЛАДА ҚАР КҮРЕУ ЖҰМЫСЫНА 2 МЫҢНАН АСТАМ ЖОЛ ЖҰМЫСШЫ МЕН 1,2 МЫҢНАН АСТАМ АРНАЙЫ ТЕХНИКА ЖҰМЫЛДЫРЫЛДЫ

алдыңғы магний хлориді зияны көптеу. Ол темір біткеннің соры, көктемде қар ерігенде жердің де сортаңын шығарады, сол тұздан кейін ғана көлік қозғалысы қалпына келеді. Алайда АҚШ-та қар тазалау жылдам жүреді және тұз көшеде біздікіндей ұзағынан жатпайды.

Канадаға келетін болсақ, қарды еріту технологиясын алғашқы болып ендірді. Яғни жиналған қарды бірден суға айналдыратын жылжымалы қар еріткіштер алғаш рет 70-жылдары Торонтода қолданылған. Бұл не үшін керек? Қоршаған ортаның тазалығын әріден ойлаған канадалықтар қардың да былғанбауына мән береді. Қардың жерге түскеннен кейінгі машиналардың зиянды шығындыларынан болатын зиянды қосылыстар мен еріген химиялық заттардан аршып барып, полигондарға төгеді. Әйтпесе, көктемде құрамы тазартылмаған қардың суы өзен-көлдерге құйылып нағыз экологиялық апат алып келеді деп түсіндіреді. Бұл елде сағатына 60 тонна қарды ерітетін қар еріткіш машиналар бар.

Осындай түйсікпен Скандинавия мен Орталық Еуропа елдері де көшелеріне тұз себуден бас тартқалы көп болыпты. Берлинде қатерлі жол қиылыстарында ғана қолданылса, басқа жерлерде тастың ұсақталған қиқымын төгеді. Бұларды бір рет емес, қармен бірге жинап алып тазартып бірнеше мәрте қолданады. Алайда жұмысы көп болған себепті, көпшілік

көлігінің көлеміне тең.

Сол сияқты қаладағы негізгі тротуарлар мен көшелердің бәріне көктайғақты болдырмау және тұрғындардың жайлы жүруі үшін құм-тұз қоспасы себіді.

Қалай дегенде де жыл бойына қайталана беретін табиғи құбылыс болса да, тұрғындардың жүріп-тұруын жеңілдетуге арналған ауыр еңбек. Басқа елдерде қалай қар тазалау қалай ұйымдастырылады. Көшенің қарын жергілікті биліктің міндетіне қойғанның өзінде, аулалардың қарын кімдер күреді, кім жауапты? Жылтыр мұз, көк тайғақта көшеге не себеді? Қар тазалаудың басқа жолын тапқан жұрттар бар ма?

ШЕТЕЛДЕН НЕ ҮЙРЕНЕМІЗ?

АҚШ пен Канадада Арқаның қысындай қыспақ жоқ. Ауа райы біршама жұмсақ, жайлы. Қыстың көзі қырауда, мұндағы қар тазалау жұмысын үшке бөліп реттейді екен. Ірі қалалардағы негізгі көшелер мен магистральдар муниципалды техниканың күшімен тазартылады, ал шағын көшелер мен жол оралымдарының тазалығына мемлекетпен келісім шартқа отырған жеке адамдар жауап

береді. Өзіндік ерекшелігі де жоқ емес. Мысалы, Нью-Йоркте қалың қар жауған кезде көлікпен жолға шығуға тыйым салынады. Көнбесе, айыппұл төлейді. Қала басшысы бұйрығымен барлық мекемелер, мектептер мен дүкендер жабылады. Сол сәтте жол қызметкерлері көшедегі қарды тазалау үлгерімі, содан кейін ғана көлік қозғалысы қалпына келеді. Ал қар жауар алдында жолдар көктайғаққа қарсы заттармен өңделеді. Бұл қар қатып қалмау үшін әрі оңай тазалануы үшін керек екен. Синоптиктер қар жаууы мүмкін деген болжам айтса, алдын ала көшеге тұз себу (реагент) Канадамен бірге Германияда да қолданылады.

Ал жеке үйлерге тікелей іргелес кеңістікті осы үйлердің иелерінің өздері тазалау керек. 24 сағат ішінде үйге іргелес аумақты қардан тазартуға әрекет етпесе тұрғындарына айыппұл салынады.

Бұл жерде реагент туралы айта кеткен жөн. Технологиялық тұрғыдан алғанда, АҚШ-тағы көшелерді тазалау үшін себлетін тұз магний хлоридінен тұрады. Ресейде және осы елден біздерге әкелінетін реагент натрий хлориді бар. Соңғысына қарағанда

елдерге кең тарамаған. Әрі бұл әдіс көк мұздан құтқармайды. Бірақ қиыршық тастан көлік тайғанамайды, жол апатын болдыртпайды.

Егер Еуропа ақ қар мен көк мұзбен күресудің ескі әдістеріне оралса, Жапония мен Исландия біршама алға озып кетіпті. Исландия қалаларында үйлер геотермалдық көздерден алынған сумен жылытылатыны белгілі. Жаңғыртпалы жылу көзімен экзотикалық жемістерді өсіруге арналған арнайы жылжымалы қар жылытса, жолдар мен тротуарларды да жылытатын құбыр тартып, түскен қарды бірден ерітіп отыр. Табиғи қайнаған суы бар құбырлар қала көшелерінің бойын басып өтетіндей етіп төселген. Нәтижесінде бетіндегі қар лезде еріп, жаяу жүргіншілер жолы бар жолдар таза болып қалады.

Дәл осындай әдіс Жапонияның Саппоро қаласында да қолданылады. Онда жылына 5 метрге дейін қар жауады екен. Жергілікті билік өңбес тірліктен шаршаған болуы керек, жылыту батареяларын жолдарға орнатады. Әзірге қала орталығында ғана тұр. Сонымен қатар, Саппоро тұрғындары заң бойынша үйлерінің алдындағы аумақты қардан тазартуға міндетті. Бұған уақыт пен күш жұмсағысы келмейтін көптеген азаматтар үйлерінің алдына осындай жер асты батареяларын орнатады екен. Арзан емес. 10 мың АҚШ доллары. Алайда Саппороның жылуы жоқ көшелерінде мұз құрсауы алынбайды. Өйткені елде оларды реагентпен өңдеуге тыйым салынады.

Үлкен мегаполистің қарын тазалауды тек жылыту пеш қалап шешу тиімді емес. Сонымен бірге Жапонияның кейбір солтүстік аймақтарында қар одан да көп түседі. Түнде жаңбыр жаууы мүмкін. Нәтижесінде жолдар толығымен жабылып, көлік жүретін жолдарды ғана дәліз жасап аршиды. Бұл жағдайда мұзмен жолдың қос бүйіріне қар қабырғаларын қабаттай жинап биіктете береді. Нәтижесінде әсерлі қар дәлізі пайда болады, оны тіпті басқа елдерден туристер көруге барады. Көктем түссе, қардың қамалдары өздігінен ериді.

Жаңа Зеландия. Бұл ел – бізден алыс және таулы ел. Қар қалың түскенмен, бұл елдің қалаларында қыс қатты, аязды емес. Бұл билікке көшелерде кальций-магний ацетаты сияқты реагентті қолдануға мүмкіндік береді. Ол металға және қоршаған ортаға іс жүзінде зиянсыз, бірақ минус 7 градус Цельсийден төмен температурада жұмысын тоқтатады. Бұл да климаты суық, бізге қолайлы емес. Мүмкін жаңа технологиялар шығып, адамға да, қоршаған ортаға да қолайлы түрі табылып жатар. Әзірге біздің елдің де өзгелерден үйренері көп.

Жалпы, қалалық орта – бәріміздің құт-мекеніміз. Оның тазалығына барша тұрғындардың тартылуы дәстүрге айналып келеді. Қыстың көзі қырауда еріктілер де қолына күрек алып, қарттардың ауласын тазалап, қол ұшын береді.

ЕЛОРДАЛЫҚ ЕРІКТІЛЕР

Елордалық «Астана жастары» орталығы осы іске мұрындық болуда. 2500-ден аса жастарды жинаған еріктілердің құрамында мектеп оқушыларынан бастап жасы ересек азаматтарға дейін игілікті іске құлшына кіріседі. Олар елордадағы ардагерлерге, зейнет жасындағы және жалғызбасты қарттарға, көпбалалы аналарға қолдан келген көмегін ұсынады.

Қыс мезгілінде еріктілер қар тазалаудан бөлек, қариялардың үйін жинауға да көмектеседі. Сонымен қатар қазақстан қыстың аязында сыртта жүрген азаматтарға жылы шай да таратады екен. Бұл акцияның өткізіліп келе жатқанына 4 жыл болды.

САҚ БОЛЫҢИЗ...

Өткен аптада Астана қаласының Төтенше жағдайлар департаменті қардың көп мөлшерде жаууына байланысты ғимараттардың шатырларынан қардың және мұздардың құлау қаупі барын ескертуде.

Сол себепті сақ болып, мүмкіндігінше ғимаратқа жақын жүрмеу қажет. Ғимараттан шыққан кезде құлауы мүмкін жерлерді айналып өту керек. Балалардың қауіпсіздігіне де ерекше назар аударғаныңыз жөн. Егер сіз жаяу жүргіншілер жолында келе жатып, тосын дыбыс естіген болсаңыз, тез арада қауіпсіз тұсқа жүгіріп өту керек.

Мүмкіндігінше ғимараттар мен құрылыстардың жанына көлік қоймаған жөн, онда мұздар мен қардың құлау қаупі бар. Ғимараттардың шатырын қардан тазалаған кезде міндетті түрде қауіпсіздік талаптарына сәйкес ұйымдастырылуы тиіс, сол сияқты жұмыс жүргізіліп жатқан жерлерде жүруге тыйым салынатын белгілер қойып, қоршалуы қажет.

БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ...

Егер күндіз қар жауса және айтарлықтай мол болса (жаңа түскен күйде 2 см-ден астам), онда тазалауды бір сағаттан кешіктірмей жасау керек.

Ол аяқталғаннан кейін бір тәуліктен кешіктірмей аулалар асфальтқа дейін тазартылады. Жаяу жүргіншілер мен көліктердің тұрақты қозғалысы бар жерлерде қарды біркелкі тығыздалған негізге дейін алып тастау керек. Кейінірек мұз орамдарының пайда болуын болдырмау үшін жолдарды әлі де жақсы тазалау қажет. Қарды жыртқыштардың көмегімен тазартады. Егер аулада әлі де мұз пайда болса, аумақты құммен немесе қиыршық таспен өңдеу керек.

Ауладан шыққан қарды қалдыруға бола ма? Егер тұз қоспаларымен ластанбаған болса, күрелген таза қарды аулада өсіп тұрған ағаштардың түбіне үйіп, не болмаса жазда гүл өсетін алаңға жинауға болады. Бұл жасыл кеңістіктерге зиян келтірмеу үшін мұқият жасалуы керек.



Қалиакбар
ҮСЕМХАНҰЛЫ


Айта-айта әбден жауыр болған бұл мәселені «Астана ақшамы» газетінің тілшілері де көтеріп, ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевқа сауал да қойған еді. Аталған мәселеге Президент «Бұл – өте өзекті мәселе. Мәселені жақсылап тұрып қарауымыз керек. Егер керек болатын болса, мен Үкіметке тиісті тапсырма беремін. Келешекте журналистердің мәртебесі туралы тиісті заңды қабылдаймыз. Я болмаса мен өзім Президент ретінде шешімді шығарамын» деп жауап берген еді. Содан бері де біраз уақыт өтті. Дегенмен аталған заң шығып, қолданысқа енгенде, қазіргі таңда ашық талқылауға шығарылды. Әрине, бұл – қуанарлық жағдай. Дегенмен бұл заң біз күткен биіктен табыла ма?

БАҚ ТУРАЛЫ ЗАҢ «БАБЫНДА» МА?

Журналистердің мәртебесі туралы заң қабылданғанмен, бірден дәрежеміз өсіп, рөліміз айқындалып, жолымыз кедергісіз бола қалуы екіталай. Өйткені біздің БАҚ туралы заңымызда да шикіліктер жоқ емес. Сондықтан журналистер мәртебесі туралы заң қабылдаудан бұрын БАҚ туралы заңнаманы қайта қарап шығу қажет деген пікір де жиі айтылып жүр.

Біріншіден, журналистерге қойылған шектеу көп. Нақты ақпаратқа дер кезінде қол жеткізу қиын. Мейлі қандай журналист болса да, белгілі бір БАҚ-тың тілшісі салауатымен, қалаған уақытында, қажет қылған орынға барып, қатысты адамдардан жауап ала алмайды. Жауап алу үшін арнаулы хат жазып, бастықтың қолын қойғызып сұрау жібереді. Ал олар БАҚ туралы заң бойынша «10 жұмыс күні ішінде жауап береді». Сұрау сол мекемеге жауапты бастықтың атына жіберілгенмен, көбінде оның атынан басқалар жауап береді. Яғни жауапты басшымен бетпе-бет отырып, түйткілді мәселеге ауыз екі жауап алу қиын. Оның үстіне көп орынға алдын ала тіркелмесеңіз, қатысты жиналыстарға кіріп, сұрау қою мүмкіндігі де жоқ. Мемлекеттік мекемелерге кірсең, есіктен тілшілерге қажетті барлық құралдарды сыпырып алып қалады. Кәсіби тұрғыдан айтсақ, кәсіби қызметін атқарып жүрген тілшіге мұндай кедергі келтіру – халықты ақпарат алу мүмкіндігінен айыру деген сөз. Көршіміз Ресейдің заңына журналистердің кәсіби міндетіне кедергі келтіргендер, журналистерге шабуыл жасағандар 6 жылға дейін түрмеге қамалатын арнайы бап та енгізілген. Бірақ бәрін Ресейден көшіруге құмар біздің билік дәл осы мәселеге келгенде көзіне қамшы тиген аттай шегіншектеумен келеді.

Екіншіден, елімізде мемлекеттік мекемелер кейбір бұқаралық ақпарат құралдарын қаржыландырығанмен, «саптыаяққа ас құйып, сабына қарауыл қойып» отырғаны жасырын емес. Яғни мемлекет жағынан қаржыландырылатын БАҚ тілшілері өзін «асырап» отырған мекеменің қазаны мен қабағына жалтақтаумен күн кешеді. Ал өзін-өзі қаржыландыратын газет, журнал, сайт қазір жоқтың қасы, бар болса да, қалт-құлт етіп әрең күн көріп жүргені де өтірік емес. Оның үстіне олардың билік тарапынан шет қақпай көріп, бопсалауға ұшырайтыны тағы бар. Міне, осы тұрғыдан алғанда, біздің елде нағыз «төртінші билік» дейтіндей



«ТӨРТІНШІ БИЛІКТІҢ» ТҰРМАНЫ ТҮГЕЛ МЕ?

Қазақстанда журналистердің мәртебесі туралы аз айтылған жоқ. Ешқандай әлеуметтік топқа жатпайтын бұл мамандық иелері билік пен халықтың арасында «алтын көпір» рөлін атқарып, халықтың шер-мұңын, мәселесін биліктің құлағына жеткізіп жүргенмен, өздері әлі күнге дейін не бюджеттік қызметкер, не мемлекеттік қызметкер қатарында жоқ. Себебі елімізде БАҚ туралы заң болғанмен, журналистердің мәртебесі туралы заң жоқ. Мәртебесі айқындалып, белгілі топқа жатқызылмаған соң, Үкімет қызметкерлеріне немесе басқа сала мамандарына үй, түрлі жеңілдік беріліп жатқанда, журналистер «аспаннан киіз жауса да, ұлтарак бұйырмағанның» кебін киіп, шөміштен қағылып қала береді.

азуын айға білеген тәуелсіз журналистика бар деп айта алмаймыз. Билік ұзын сызса жүріп, қысқа сызса тұруға мәжбүрміз.

Үшіншіден, елімізде журналистерге қарсы қозғалатын қылмыстық, азаматтық істер даушары молайды. Моральдық шығынды өндіріп беруді сұраған талап-арыздар да жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтай көбейіп келеді. Бұл журналистердің кәсіптік қысымын арттырып, ауырдың үстімен, жеңілдің астымен кететін жағдайға қарай итермелеп тұр. Оның үстіне Еңбек кодексінде журналистердің мәртебесі мен кепілдіктері туралы ешқандай бап жоқ. БАҚ туралы заңның 20-бабындағы 10 құқығы мен 21-бабындағы 5 міндеті ғана жазылған. Еңбек кодексінде мәртебе жөнінде бір ауыз сөз, тіпті журналистердің еңбек ету құқықтары деген бөлім де жоқ.

ЖУРНАЛИСТ МӘРТЕБЕСІ – ЕЛДІК МӘРТЕБЕСІ

Әр мемлекеттегі демократияның жоғары-төмендігін сол елдің бұқаралық ақпарат құралдарына деген көзқарасынан, ұстанымынан аңғаруға болады. Билігі БАҚ өкілдерінен өлердей қорқатын, журналистердің аузына қақпақ аяғына тұсау салған елдің халқы мен билігі де от пен судай отаспайды. Өйткені тілші жазса, тілші көтерсе, қоғамда қордаланған мәселелер мен қоламталы тақырыптарды қаузаиды, халық көңіл бөліп отырған түйткілді мәселелерді биліктің құлағына жеткізеді. Халық пен билік арасындағы осы алтын арқау үзілсе, қоғамда қайшылық асқынып, биліктің сенімі төмендейді.

Аға буын әріптестердің айтуынша, Қазақстан тәуелсіздік алған алғашқы жылдарда журналистің орны да, сөзі де бағаланатын. Қазір аты бар, заты жоқ «төртінші билік» деген сөз де сол кезде шықса керек. Бірақ қазір жағдай ол кезден мүлде өзгеше. Журналистің дәрежесі төмендеп, биліктегілер журналистерге қол баласындай қодыраңдайтын деңгейге жеттік.

ЖУРНАЛИСТІҢ ДӘРЕЖЕСІ ТӨМЕНДЕП, БИЛІКТЕГІЛЕР ЖУРНАЛИСТЕРГЕ ҚОЛ БАЛАСЫНДАЙ ҚОДЫРАҢДАЙТЫН ДЕҢГЕЙГЕ ЖЕТТІК

Әрине, бұл жағдай қоғамның, экономиканың дамуына, саяси тұрақтылықтың сақталуына аса тиімсіз. Кешегі қаңтар оқиғасы да «жанартау боп атылған» халықтың ішіндегі дерті болатын. Әйтпесе сол қанды оқиғаның тууына астар болған әлеуметтік мәселелерді оған дейін тілшілер жазбады, айтпады, күрделі мәселе ретінде көтермеді дейсіз бе?! Бірақ оған билік назар аударған жоқ, тілшілердің тілімен айтылған халықтың мұңын Үкімет естіген жоқ. Демек, біз Жаңа Қазақстан, Әділетті Қазақстан құрамыз, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» боламыз десек, онда ең алдымен тілшінің тізгінін тартпай, тіліне ерік беруіміз керек. Журналистерді биліктің қызметшісі ретінде емес, артық кетсе айтып, кем қалса

толықтырып отыратын нағыз «төртінші билік» дәрежесінде қарауымыз шарт.

КӨРШІН НЕГЕ КӨШ ІЛГЕРІ?

Қазақстанда тілшілердің әлеуметтік жағдайы өте төмен. Тілшілер үшін ешқандай жеңілдік қарастырылмаған. Мәселен, шетелде журналистердің бір жылда табатын табысы 20 мың доллардың үстінде болса, Қазақстан журналистерінің бір жылдық жалақысы 5000 доллар шамасында, тіпті оған да жетпейді. Яғни елімізде журналистер «аш қалмайтын, тоқ қылмайтын» жалақымен жүр.

Түркияда журналистерге бірқатар әлеуметтік жеңілдік бар. Ең кішкентай тілшілер мінген көлікті автотұрақтарға тегін қойғызады. Ал Қытайда «тілшілер мінген көлік» деген белгі жапсырылған машинаны жол полициясы, құқық қорғау органдарының адамдары беталды тоқтатпайды, автотұрақтар да тегін, кептеліс кезінде шұғыл жағдайға арналған жолақпен жүруіне де рұқсат. Билет сататын орындарда тілшілер мен әскерилер кезексіз билет ала алады, халық та соған бейімделген, тілшілік куәлігіңді көрсетіп, кезексіз алға оза беруіңе болады. Сонымен қатар тілшілер мұражайға, саяхат орындарына тегін кіреді. Ал Қазақстанда мұндай жеңілдік атымен жоқ. Керек десеңіз, біздің елде журналистік куәліктің қалыптасқан ортақ үлгісі де жоқ. Әр мекеме өзінің жағдайына қарай куәліксымақ бірдеңе жасап берген, кейбірінің бір бет қағаздан күні төмен.

Әзербайжан елінде БАҚ-ты мемлекеттік қолдау қоры жұмыс істейді. Жыл сайын журналистерге арнап үй де салынады, ал Ресейде жоғарыда айтып кеткен заң-түзімдермен қатар, Журналистер одағының бастамасымен журналистерге мобильдік байланыс, көлік, қонақ үй, несие алуда жеңілдіктер жасау туралы мәселелер қарастырылып жатыр. Мұндай жағдай Қазақстанда да болған, Шерхан Мұртазаның тұсында журналистерге арнап үй салдырыпты. Неге сол үрдісті қайта жағдайға қарай қайталаймыз? Сондықтан журналистердің мәртебесін мемлекеттік қызметкерлермен теңестіріп, олардың әлеуметтік бастамаларына қатысуына, қоғамдық көлікте тегін жүруіне, ипотекамен пәуер немесе жер учаскесін алуына жеңілдік жасалуы керек. Өйткені тілшінің әлеуметтік жағдайы жақсармай, БАҚ-тың бағы артып, «төртінші биліктің» тұрманы түгенделмейді.

БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН КОНТЕНТ НЕГЕ ЖҰТАҢ?

Күнде үйде кішкентай ұлыммен бірге «Balapan» телеарнасын көріп отырып, осы сауалға үнемі жауап іздеймін. Бұл арнада бала қызығып көретін мультфильмдер, қазақ тіліндегі қысқа метражды көркем фильмдер жоқ емес. Бірақ ұлым оның бірін көріп алған соң, орыс тілді арналардан «Өрт сөндіруші Сэм» («Пожарный Сэм») атты мультфильмді тағатсыздана күтіп, қызығып көреді. Баланың күнделікті талғамына сай келетін, адамды жақсылыққа жетелейтін, ізгілік пен мейірбандықты дәріптейтін басқа тілдегі мультфильмді бала түгілі, үлкендер де тапжылмай отырып біткенше көреміз.

Төлен
ТІЛЕУБАЙ

Отандық телеарналарда балалар мен ата-аналары бірге отырып тамашалайтын туындылар бар. Бірақ олардың дені ойын-сауыққа, арзан күлкіге, баланың көңіл күйін уақытша көтеруге ғана лайықталған сияқты көрінеді. Бала үлкендерден нені көрсе, соны қайталайды. Сол сияқты көгілдір экраннан, кітап пен журналдан нені оқыса, соған әліктейді. Психикасы солай. Осы тұрғыдан алсақ, біздің балаларға ұсынып жүрген контентіміз жұтан екеніне көз жеткізесің. Неге бұлай? Мәселені өзімізше талдап көрейік.

Қазақша мазмұндағы дүниелерді көретін кішкентай көрерменнің сұранысы, талғамы қандай? Әлбетте, қызықты оқиғаларға құрылған мультфильмдер, қысқа метражды кинолар. «Balapan»-дағы «Тоқты мен Серке», «Жібек», «Ертемір», «Айдар», «Аралар отбасы» сияқты мультфильмдерді, «Расулдың хикаялары», «Тентек», «Төңбіл доп» сияқты телехикаяларды қазақ балалары қызығып көріп жүргені рас. Бірақ олардан өзге өнімдер болмаған соң, қайталап қоя береді. Кішкентай көрермендер де қайталап көре береді. Біраз уақыттан кейін одан жалығып, басқа тілдегі телеарналарға ауысады. Мысалы, шетел тілінен аударылған «Элвин және алақоржындар» деген мульттоптама балаға да, үлкенге де әрқашан қызықты. Себебі баланың психикасына қарай жалықтырмайтын, өзіне тартып алатын оқиғалардан құралған. Яғни балалар аудиториясының сұранысына нағыз келетін дүниені әлемдік нарыққа шығарған.

Қазіргі балаларды қандай нәрселер қызықтырады дегенге келейік. Сөздің шындығы сол, бүгінгі балалар тек кітап оқып, теледидар көріп өсіп келе жатқан өмірімізге денден енгеннен бері жаңа медианы танып-білетін, соның игілігін толық пайдалана алатын заманауи ақпарат алу форматын меңгерген буын өсіп келеді. Қазір кез келген жастағы баланың қолына смартфон берсең, суда жүзген болықтай тетіктерін басып, өзіне қызықты дүниелерді тауып алады. Өкініштісі сол, интернетте мемлекеттік тілдегі туындылар өте аз. Сол себептен ата-аналар балаларының қолына смартфон ұстатқанда «Маша и медведь», «Щенячий патруль», «Барбоскины», «Приключения Лунтика и его друзей» сияқты ес танымал мультфильмдерді қосып береді. Мысалы, YouTube-та «Маша и медведь»-ті 2 миллиард адам көреді екен. Әлем халқының 20 пайызы осы туындыны тамашалайды. Әзірше қазақ тілінде

мұндай өнім жоқ. Телеарналарда да, интернетте де қазақ тіліндегі балалар контенті жұтан деп отырғанымыз осыдан.

Еліміздегі 6-74 жас аралығындағы интернет пайдаланушылардың үлесі 78,2 пайызды құрайды. Интернет жылдам ақпарат тарататындықтан, оны тұтынушылардың үлесі осынша өсіп отыр. Мұны жай ғана нәрсе деп қабылдамауымыз керек. Интернеттегі баланың психикасына кері әсерін тигізетін сайттардың кесірінен қаншама баланың өміріне үлкен қауіп төнуде. Кибербуллинг тақырыбы – бұл жерде өз алдына бөлек әңгіме. Бұл жерде әлеуметтік желілерден келіп жатқан қауіп-қатерге тосқауыл қоя алмай отырмыз. Бір ғана YouTube пен WhatsApp-та қаншама зиянды, қауіпті ақпарат бар. Олардың бәрі баланы зорлыққа, агрессияға, қырып-жоюға үндейді.

Демек, біздің алдымыздағы ең үлкен мәселе – балалар аудиториясын терең зерттеп, ақпарат тұтынуға қатысты мониторинг жасау. Бұл міндетті медиа саласында ашық, тәуелсіз зерттеулер жүргізетін үкіметтік емес институттарға жүктеуге болады. Алайда ондай институттар бар ма бізде? Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі статистикалық мәлімет берумен ғана шектелетінін ескерсек, ұлттық қауіпсіздігімізге қатысты мәселенің әлі ешкімді ойландырмайтынына көз жеткіземіз.

Өткен жылы Мәжіліс балаларды буллингтен қорғайтын заң қабылдады. Бірақ сол заңның толық жұмыс істеуі үшін әрбір ата-ана құқықтық жағынан сауатты болып, заңның орындалуына үлес қосуы керек. Балалардың әлеуметтік желілерге, виртуалды ойындарға тәуелділігі деген мәселе тағы бар. Отандық сарапшы-мамандардың зерттеуіне сүйенсек, қазіргі кезде ата-ананың 49,7 пайызының белгілі бір себептермен (жұмыстан қолы босамайды, үйдегі шаруадан бос уақыты жоқ және т. б.) балаларының үнемі уақытын өткізуге мүмкіндігі жоқ. Яғни ондай отбасылардың балалары күні бойы уақытын өзі жоспарлайды, өзі өткізеді. Ондай ата-аналар баланың қауіпсіздігі үшін қажетті қарапайым қағидаларды да ұстанбайды. Мысалы, теледидар көріп отырған балаға ата-аналар бақылауы деген бағдарламаны қосуға болады. Бұл бағдарлама соңғы үлгідегі барлық теледидар экранының алдында қанша сағат отыратынын шектейтін тетіктерін де қосуыңызға болады. Бәлкім, бұлардың балалар контентіне қатысы жоқ деп ойлайтын шығарсыз. Алайда мазмұн деген нәрсеге баланың не көретіні, не тыңдайтыны, не қабылдайтыны – бәрі маңызды.



Кейінгі кезде елордада жасөспірімдердің шалжақтығынан қала бюджетіне біраз шығын келіп отыр. Бір қиыны, бұл жағдай әлсін-әлсін жылына бірнеше рет еліміздің әр жерінде қайталанып қалып жүр. Мұны балалық шолжаңдыққа тіпті жатқызуға болмайды. Өйткені мұндай өрескел әрекеттің астарында қауіпсіздікке қатер төндіру жатқанын әсте естен шығаруға болмайды.



ТЕЛЕФОН ТЕРРОРИЗМІ

Таңатар
ТӨЛЕУҒАЛИЕВ

ЖАЛҒАН ДАБЫЛШЫ – БАЛАЛАР

2021 жылдың мамыр айында полицияның орталық пультіне Астанадағы №22 мектептің ішінде жарылғыш зат қойылғаны туралы хабарлама келіп түседі. Әрі белгісіз дауыс «мектептің бірнеше жеріне бомба қойылды, көп кешікпей ол жарылады» деп көк аспанды одан сайын төбеден төндіріп қояды.

Ал келіп шапқыла. Төтенше жағдайлар департаменті мен Ұлттық қауіпсіздік комитеті аяғынан тік тұрады. Полиция бүкіл жолды жауып, мектептегі үш жүзге тарта оқушыны қауіпсіз жерге көшіріп әлек болады. Саперлер әр шаршы метрді ыждағаттап сүзгіден өткізеді. Ештеңе жоқ. Дабыл жалған болып шықты. Қаншама адамның жүйкесі жұқарып, уақыты рәсуа болды.

Арада 1 сағат, 48 минут өткенде құқық қорғау органы қызметкерлері телефонның қайдан шалынғанын тап басып тауып алады. Сөйтсе, 13 жасар осы мектептің оқушысы түк болмағандай «достарыммен әзілдеп едім» деп төмен қарап, басын сипайтын көрінеді.

Бір қызығы, бұл жеткіншектің осындай әрекетке барғанына сынып жетекшісі қатты таңғалыпты. Сабақ үлгерімі де жақсы, ата-анасы да оқыған зиялы адамдар бола тұрып, баласының осындай қылмысқа баруын ұстаздары түсінбей қалған.

Оқушылар тарапынан болған мұндай келеңсіз жағдай өткен жылы Маңғыстау, Атырау, Солтүстік Қазақстан облыстарында бірнеше рет қайталанса, биыл Теміртау қаласында орын алды.

Түс мезгілінде полицияға белгісіз бала телефон шалып, «№20 мектепті жарамын. Қазір ішіндегі адамдардың барлығының да күлі көкке ұшады» деп қоқан-лоқы көрсеткен.

Төтенше жағдайлар қызметі жедел жетіп, мұғалім мен оқушысы бар – барлығы 500 адамды 20 минуттың ішінде басқа жерге көшіріп, қойылған жарылғыш затты іздеген. Үш сағат уақыт зая кетті, табылмаған. Көп кешікпей полиция жарылғыш зат қойылғаны туралы жалған телефон соққан баланың аты-жөнін анықтады. Ол осы мектептің 12 жасар оқушысы сабақтан ертерек кеткісі келіп, көзді ала беріп, мұғалімдер бөлмесіндегі телефоннан «102»-ге қоңырау шалған...

СЕБЕБІ ӨРТҮРЛІ

Ал енді полиция оларға қандай шара қолданғаны жөнінде жартып жауап бермеді. «Ата-анасына қатаң ескертілді, айыппұл салынды» деген сияқты шығарып салма сөздер осындай жағдайдың толастамай тұрғанына бірден-бір себеп емес пе екен?

Неге ол баланы есепке қойып, баласына дұрыс тәрбие бермеген ата-анасын да қатаң жауапқа тартып, қоғамдық талқыға салмасқа? Өйткені психологтардың айтуынша, мұндай балалардың өмірде мінезінде өзіншілдік, қатыгездік сияқты біртоғалық бірден байқалатын көрінеді. «Әзілдедім» деп басқа біреудің зардап шеккенін сыртынан бақылап, соған мәз болу о жеткіншектің психикасындағы ауытқушылықтың алғашқы белгілері екенін болжау қиын емес.

Ал екінші бір педагог-психолог Жанна Омарова бұл жерде басқа себептер де болуы мүмкін екенін жоққа шығармайды. Мәселен, балалар өтпелі кезеңде – 12, 13, 14 жаста өзінше бір ерлік жасап көзге түскісі келіп тұрады. Көрген киносы, оқыған кітабы бар солардың бәріндегі оқиғаларда бағылдық, көзге түсу, біреудің алдында ерекше көріну оларға әсер етпей қоймайды. Сөйтіп өз-өзіне деген сенімі оянып, осындай әрекеттерге баруы мүмкін. Алайда оның асқан қылмыс әрі оған заң жүзінде жауап беру керек екеніне баланың ақылы жете бермейді.

Енді бір себеп – бала біреумен бәстесуі мүмкін. Бір құрбысы немесе сыныптасы «егер соны істесең, саған он балмұздақ немесе су жаңа планшет сыйлаймын» деуі мүмкін. Ол өзінше «намысқа» тырысып, бүкіл мектепті әбігерге салып қояды. Кейбіреулер «ол бала емес пе, сол бала телефон шалды деп барлығын аяқтан тік тұрғызудың қажеті не?» деген уаж айтып жатады.

– Кешіріңіз, қауіпсіздік органдары кім болса да мұндай шалынған қоңырауды елеусіз қалдыра алмайды. Оның артында жүздеген, тіпті мыңдаған адамның өмірі тұр. Ол расын айтып тұр ма, әзілдеп тұр ма, маңызды емес. Жалған болса бәрібір тауып, құқық қорғау органдары оны жазалайды. Сондықтан үлкеніміз бар, кішіміз бар – біз бәріміз де осы тұрғыда мектепте, басқа да оқу орнында, қоғамдық жерде мұндай әрекеттің өте ауыр қылмыс екенін үгіт-насихатпен түсіндіруіміз керек, – дейді педагог-психолог.

ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАЗА БАР

Қазіргі техниканың дәуірлеген заманында «өзілқой» оқушыны анықтау құқық қорғау органдарына көп қиындық келтірмейді. Тіпті дауыс та сол адамдыкі екенін жазбай танитын құрылғының неше түрі бар екенін де адамдар түсінуі керек. Мұндай ақпараттар айтылып та, жазылып та жатыр. Оның өте ауыр қылмыс екені де талай рет бұқаралық ақпарат құралдарында жазылды. Бұл – барып тұрған лаңкестік. ҚР Қылмыстық кодексінің 273-бабы бойынша жазаланады. Бес мың айлық есептік көрсеткішке (14,5 миллион теңге) дейін айыппұл төлейді. Немесе бес жылға дейін бас бостандығынан айыруы мүмкін. Бірақ жалған телефон шалу фактілері тоқтамай тұр. 2021-2022 жылы ғана еліміз бойынша 138 қылмыстық іс қозғалып, оның 20-сы сотқа жөнелтілген. Ұсталған алты жасөспірімнің ата-анасы әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Осындай жалған телефон шалу мемлекетке 250-300 мың теңге шығынға түседі екен. Шығын өз алдына, қаншама жедел жәрдем, өрт сөндіру, қауіпсіздік қызметі, құқық қорғау қызметкерлері уақытын рәсуа етеді.

ҚР Ішкі істер министрлігі экстремизмге қарсы іс-қимыл департаменті басқарма бастығының орынбасары Спартак Қабденовтің айтуынша, балалардан бөлек, мұндай жалған қоңырау шалатындар көбіне маскүнөмдер, психикалық ауытқуы бар адамдар немесе жүйкесі қатты жұқарған жұмыссыздар болатын көрінеді.

Мәселен, 2017 жылы – 24, 2018 жылы – 17, 2019 жылы – 19, 2020 жылы – 16, 2021 жылы – 18, 2022 жылы 23 адам телефон терроризмі бойынша істі болса, солардың көбі сол әрекетін мас күйінде жасаған. Әрі олардың 90 пайызы – жұмыссыздар. Тағы бір айта кетерлігі, кейінгі кезде басқа біреуден кек алу немесе кесел келтіру мақсатында «бомба қойылғаны» туралы әлеуметтік желі, мессенджер, интернет арқылы сол кісінің атынан хабарлау жағдайы жиілеп барады. Өткен жылы мұндай электронды хабарлама арқылы берілген 48 оқиға тіркелген.

Телефон терроризмі – аса ауыр қылмыс. Мұның салдары да орасан. Сондықтан жасөспірім болсын, ересек адам болсын, осындай әрекетке барар кезде өте қатаң жаза бар екенін ескерсе дейміз. Артынан бармақ тістегенмен, бәрі кеш болады.

ЗАҢДЫҚ САУАТТЫЛЫҚ МАҢЫЗДЫ

Өмірде әркім де заңдық сауаттылығын арттырып отырғаны жөн. Азаматтардың немесе заңды тұлғалардың өзіндік әлде мүліктік құқықтарына байланысты туындайтын заңдық тұрғыдағы (бала тууы, некеге отыру, адам өлімі, мүлікті мұраға қалдыру, жұмысқа орналасу, тағы да басқа жайлар) өмірлік маңызды мәселелерді еш қиындықсыз реттеу үшін құқықтық сауаттылық керек.

Әрі бұл жағдайлар куәлар арқылы мемлекеттік өкілетті органдар берген анықтама, еңбек кітапшасы, басқа да актілермен нақты құжат түрінде рәсімделуі қажет. Мәселен, мұрагерлікті жалғастыру үшін мұрагер куәлігі алынуы керек. Ол үшін нотариуске өзінің туу туралы куәлігімен бірге мұра қалдырушының туыстық қатынасын айқындайтын нақты құжат қажет. Сонымен қоса, оның қашан қайтыс болғаны туралы да куәлік тапсырылады. Егер осылардың бірінде сәл қателік кетсе немесе дәлдік анықталмаса, мұрагерлік жалғаспайды. Бір ғана мысал, Астана қаласының тұрғыны Самат Елшібек әкесінен қалған тәрт бөлмелі үйге мұрагерлік етуге бекінген. Дұрыс, ол – оның туған жалғыз баласы. Алайда алдын ала толтырылған құжат заңды күшіне енерде әкесінің жеке куәлігіндегі атымен баласының әкесінің атында бір әріп ауысып кеткен. Әкесінің аты «Жанболат», ал мұның куәлігінде «Жамболатұлы» болып жазылып кеткен. Міне, осы жерден ши шығып, мәселе сотқа дейін жеткен жағдайы бар.

Сол сияқты зейнет жасына жеткенде еңбек өтілін нақтылау үшін де еңбек кітапшасындағы жұмыс берушінің мөрі басылып, қолы қойылған бұйрығы мен мекеме атауы нақты көрініп тұруы қажет. Бізде көп жағдайда адамдар өзінің еңбек кітапшасының толтыруына онша мән бермейді. Оны көбі кадр бөлімі қызметкерінің жұмысы деп санайды. Ал шындығында, ол сіздің де жұмысыңыз. Өйткені еңбек кітапшасының сауатты да дұрыс толтырылуы ең бірінші сізге қажет.

Асыраушысынан айырылғандарға жәрдемақы алу үшін құзырлы органдарға өзінің тууы туралы куәлігімен қоса асыраушысының қайтыс болғаны жөнінде куәлік те бірге тапсырылады. Алайда көбіне ауылдық жерде құжаттарға онша мұқият болмай, жоғалып немесе бүлініп, жарамсыз болып қалып жататын жайлар кездеседі. Тіпті кейде бес-алты бала өмірге келгенше некеге тұрмайтын ата-аналар болады. Мұндай жағдайда заңдық маңызды бар фактілер ҚР Азаматтық кодексінің 305-бабы бойынша ерекше өндірістегі азаматтық үдеріс тәртібінде нақтыланады.

Атап айтқанда, сот азаматтардың немесе заңды тұлғалардың жеке не мүліктік құқықтарының туындауына, өзгеруіне немесе тоқтатылуына байланысты болатын фактілерді анықтайды. Олар

мыналар: адамдардың туыстық қатынасы; адамның біреудің асырауында болуы; тууды, бала асырап алуды, некеге тұруды, ажырасуды және қайтыс болуды тіркеу; әке болуды тану.


Сонымен қоса, құжатқа иелік ету фактісі, жазатайым оқиға фактісі; мұраны қабылдау фактісі және мұраның ашылу орны; еңбек өтілі фактісі (зейнетақы тағайындау, еңбекке уақытша жарамсыздық бойынша жәрдемақы және т. б.) құжаттар да талап етіледі. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында оларды анықтаудың басқа тәртібі көзделмесе, сот заңдық маңызы бар өзге де фактілерді белгілейді. Осылайша сотта анықталған заңды фактілердің тізімі жалғасуы мүмкін. Заңды фактілерді анықтау туралы істер жылжымайтын мүлік нысандарын иеленуді, пайдалануды және (немесе) оларға билік етуді растайтын құжаттардың болуы фактісін қоспағанда, арыз берушінің тұрғылықты жері бойынша берілген арыз негізінде қозғалады. Өтініште жылжымайтын мүліктің орналасқан жері, заңды фактіні анықтау үшін қандай мақсатта талап етілетіні міндетті түрде көрсетілуі керек. Сотқа көбінесе еңбек өтілін есептеуде, оның ішінде мүгедекті күту уақытын, зейнетақы тағайындауға қажетті қиын жағдайлар туралы мәселелер анықтау үшін, сондай-ақ, туыстары ұсынған құжаттары арқылы азаматтың туыстығын растай алмаған жағдайларда белгіленеді. Міне, осылардың барлығында құжаттардың дәлдігі, мұқияттылық және құқықтық сауаттылық қажет.

Еңбек өтілінің заңды негізінде зейнеткерлік жасқа жеткенде зейнетақы тағайындалады, пайыздық үстемелер мен еңбек өтілі үшін біржолғы сыйақы төлеу белгіленеді. Азаматтар еңбек өтілін басқа жолмен растау мүмкін болмаған кезде сотқа жүгініп жатады. Алайда осыны сотқа жеткізбей, жергілікті еңбек және халықты жұмыспен қамту жөніндегі мемлекеттік органдар қолда бар құжаттар негізінде жұмыс өтілін растау мүмкіндігі туралы мәселені жан-жақты түсіндіруі тиіс.

Үкілетті мемлекеттік орган бас тартқан жағдайда, сот зейнетақы жарналары туралы анықтамалардың, жұмыс берушінің мұрағатқа өткізілген құжаттары мен айақтар негізінде әділдікті қалпына келтіре алады.

Айгүл ТІЛЕУБАЕВА,
Астана қаласы сотының
судьясы





ЕЛОРДАДА ЕСІРТКІМЕН КҮРЕС ҚАЛАЙ ЖҮРЕДІ?

Астана қаласында құзырлы органдар есірткіге қарсы күресті жүйелі түрде жүргізіп, ауқымды жұмыс атқаруда. Қырағылықты бір сәт те естен шығаруға болмайтын аса қатерлі қоғам дертінен көпшілікті сақтау – маңызды міндет. Осы тұрғыда елордада Астана қаласы ПД есірткі бизнесіне қарсы іс-қимыл басқармасы жергілікті таксопарк өкілдері және үкіметтік емес ұйымдармен кездесу өткізіп, қалада нашақорлықтың алдын алу жайында әңгіме өрбітті.

**Индира
БЕРЖАНОВА**

Соңғы уақытта ақпарат ағыны есірткі саудасының түрленіп жатқаны туралы жаңалықтарға толып барады. Оның салдары нашақорлықтың күн өткен сайын жасарып, жас ұрпақтың синтетикалық есірткіге тәуелділігін тудыруда. Бұдан басқа, нашақорлар тарапынан такси жүргізушілеріне шабуыл жасау фактілері де көбейді.

Астана қаласы Полиция департаменті есірткі бизнесіне қарсы іс-қимыл басқармасының бөлім бастығы, полиция подполковнигі Сергей Ильиних бұл мәселенің қаншалықты өзекті екенін ашып айтты.

«Такси немесе қоғамдық көлік жүргізушілерінің қауіпсіздігі мәселесі – бұл, ең алдымен, қала азаматтарының қауіпсіздігі. Соңғы кездері әлеуметтік желілер арқылы жүргізушілер психотропты заттардың заңсыз айналымына қатысу бар, өз мінез-құлқына жауап бере алмайтын тұрғындарды бейнеге түсіріп, үндеу жіберуді жиілетті. Жолаушылар тасымалымен такси жүргізушілерінің тыйым салынған заттарды сатып жүрген жағдайлары да тіркелді.

Жасыратыны жоқ, әлемде ай сайын есірткінің жаңа бір түрі пайда болып жатады. Қазір қолдануға бірінші кезекте «синтетика» шығып, оның өзі түрленіп, қауіпті күшейте түсуде. Қалада есірткі ахуалына жүргізілген талдау негізінде

каннабис тобы мен апиин тектес «дәстүрлі» есірткілердің тапшылығы синтетикалық есірткі құралдарының, сондай-ақ олардың баламаларының таралуына сұраныс туғызды. Әсіресе жастар арасында мұндай жайт көп. Елордада өткен жылы есепке 14 жасар жеткіншектің алынғанын айтудың өзі жанды ауыртады.

Тағы бір жайт, бұрын нашақорлар тек тамырына егу арқылы өзіне «лээзат» алатын еді. Қазір иіскеп те, жалап та, көзіне, мұрнына тамызып та, шегіп те – түрлі жолмен құмарын қандыратындардың саны артты» деп түсіндірді ол.

Бытыр Қазақстан халқына арнаған Жолдауында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев есірткінің таралмауына дендеп күш салу керігін қатаң тапсырды. Осы мақсатта елорда аумағында есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл және нашақорлықтың алдын алу шараларын жетілдіру жөнінде 2023-2025 жылдарға арналған «Астана – есірткісіз қала» кезеңді жоспары іске асырылуда. Осының аясында таксопарк аумағында жүргізушілер нашақорлар еместігін дәлелдеп, тест сараптамасынан өтуі тиіс. Бұған дейін есірткі бизнесіне қарсы іс-қимыл басқармасы автокөлік жүргізушілерін тексерістен өткізіп, жүргізілген бір рейдте 4 автобус жүргізушісінің есірткіге қатысуы бары анықталды.

Басқарма Психикалық денсаулық орталығымен меморандум орнатып, жиында

таксопарк жүргізушілерін тестілеуден өткізу туралы ұсыныс тасталды. Мұндай сынақтаманың бағасы 3740 теңгені құрайды. Сондай-ақ екі аптаға дейін адамның есірткі қолданғанын көрсететін жедел арасында сақшыларына еріктілер үнемі қол ұшын созады. Жыл бойы «Астана жастары» жастар ресурстық орталығы тұрғын үй қабырғаларындағы жазуларды бояудан бастап, есірткі жарнамасын анықтауға дейін көмек көрсетіп, жастар арасында психотропты заттардың алдын алу және насихаттау жұмысымен айналысты.

Кездесуде сөз болған ендігі мәселе – есірткіні жасырын, бүркемелеп насихаттауға тырысатын көше жарнамалары. Нашақорлардың көбіе түсуіне есірткіні таратушы мен сатушылардың, насихаттаушылардың үлесі мол. Олар билборд, пилон сияқты жарнама құрылғыларын да, граффити сызбаларды да астыртын пайдаланып, «үн, «түз», «кір жуу ұнтағын» сатамыз» деп жалған жарнама беретіні анықталып отыр. Аталмыш әрекеттер үшін жарнама берушілер 2019 жылдан бері 6 жылға дейін бас бостандығынан айырылады. Астана қаласында осындай

күмәнді жұмыс жүргізіп, есірткі насихатымен айналысқан 75 сайт иесінің үстінен қылмыстық іс қозғалды.

Граффити сызбаларын жасаушылар әдетте сол аймақтың тұрғыны болып жатады. Олар қанша көрінбегісі келіп, айла-шарғыға салғанмен, сандық технологияның дамуына байланысты біздің де қадағалау мүмкіндіктеріміз күшейіп келеді. «Сергек» бейнебақылау жүйесін пайдаланамыз. Кез келген дүкен мен ПИК аймағында қойылған ішкі камералардың да пайдасы тиіп жатады. Нәтижесінде былтыр елордада жасырын жарнамамен айналысқан 22 адам қылмыстық жауапкершілікке тартылды, – деді С.Ильиних.

Басқарма бастығы адамдарға мессенджер арқылы «табысы жоғары жұмысқа орналастыру жөнінде» хабарландыру жіберушілер де кездесіп қалатынын жеткізді. Міне, осы бағытта «Крыша», «OLX» сияқты жекеменшік хабарландыру беретін ақпараттық компаниялармен мұндай хабарландыруды бірден бұғаттап, жолын кесу жөнінде меморандумға қол қойылды.

Кейінгі кезде арам пиғылдықтар Telegram-арнасын пәрменді пайдалануға көшіпті. Олар да IP-мекенжайы бойынша анықталып, бұғатталады.

Нашақорлыққа қарсы күресте қылмыстық заңнаманы түбегейлі қатаңдату мен жазалау шараларын күшейту қажеттілігі көбірек айтылып жүр. Дегенмен елімізде ауыр, аса ауыр қылмыс ретінде қарастырылатын іске қатысты заң қатаң. Мәселен, көмелеттік жасқа толмағандарға есірткі сатқандар өмір бойына бас бостандығынан айырылады. Сондықтан қоғам дертімен күресте қырағылық әркімге аса қажет.

ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫН ДӘРІПТЕЙІК

Мемлекеттің отбасы саясаты – Қазақстанның әлеуметтік саясатының ажырамас бөлігі. Әрі ол отбасының өмір сүру сапасын, жағдайды жақсартуға бағытталған ұйымдастырушылық, экономикалық, құқықтық, ғылыми, ақпараттық және кадрлық қамтамасыз ету ұстанымдары, бағалары мен шаралары жүйесін білдіреді.

Мемлекеттік саясаттың мақсаты – отбасын қолдау, нығайту және қорғау, отбасы мүшелерінің физикалық, интеллектуалдық, рухани, адамгершілік дамуына қолайлы жағдай жасау, ана болуды, әкелікті және балалық шақты 18 желтоқсанда әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық түрін жою туралы конвенцияға қосылды. Осы халықаралық құқықтық актінің 3-бабында: «Әйелдерге адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын ерлермен теңдік негізінде іске асыруына және пайдалануына кепілдік беру үшін қатысушы мемлекеттер барлық салаларда, және ішінара алғанда саяси, әлеуметтік, экономикалық және мәдени салаларда әйелдердің жан-жақты дамуы мен прогресін қамтамасыз ету үшін барлық тиісті заңнамалық шараларды қоса қалдырайды» деп көрсетілді.

2012-2022 жылдарға арналған гендерлік теңдік стратегиясының қабылдануы мен жүзеге асырылуы әйелдердің ғана емес, ерлердің де құқықтары мен мүмкіндіктері нығайтылуына тең дәрежеде қарауға мүмкіндік берді. Гендерлік стратегияны іске асырудың аяқталуы мемлекеттік гендерлік саясаттың жаңа кезеңін тұрақты дамудың халықаралық тенденцияларымен, ұлттық стратегиялық басымдықтарымен және әлеуметтік саясаттың жаңа принциптерімен байланыстыруға мүмкіндік туғызды. Осылайша, қазіргі заманғы тұрақты отбасының қалыптасуы мен гендерлік теңдікке қол жеткізу жағдайын қалыптастыру бұл қоғамды әлеуметтік жаңғыртудың ажырамас процесі екендігі айқын

болып отыр. 2016 жылғы 6 желтоқсанда Қазақстанда 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы бекітілді. Тұжырымдама ҚР Конституциясы, «Қазақстан-2050» стратегиясы, «100 нақты қадам» ұлт жоспары, Қазақстанның әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына кіру тұжырымдамасы, әйелдерге қатысты дискриминацияның барлық түрін жою туралы Біріккен Ұлттар Ұйымының конвенциялары және басқа да ратификацияланған халықаралық шарттар мен келісімдер негізінде әзірленді. Біздің елімізде отбасы, әйелдер мен балалар мәселелері, қоғамдағы отбасының маңызын түсіну, оның жаңа ұрпақты тәрбиелеудегі рөлі, сондай-ақ, оларды әлеуметтік прогресті қамтамасыз ету, отбасы мен балалардың мүддесін ескеру қажетін мойындау, әйелдер мен балалар мәселелері бойынша шараларын қабылдау мәселелері бойынша жеткілікті заңнамалық база құрылды.

Астана қаласының Алматы аудандық соты гендерлік саясат мәселелері бойынша таныстыру және түсіндіру сипатындағы рәсімдерді белсенді түрде жүзеге асырады, осы жұмысқа бұқаралық ақпарат құралдары тартылады, судьялар мақалалар мен материалдар жариялайды, қоғамның, оның ішінде құқықтық қоғамдастықтың қатысуымен әртүрлі іс-шара (семинар, дөңгелек үстел, дәрiс және т. б.) өткізеді.

**Айзада СЕРДӘЛІ,
Л.Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық
университетінің
студенті**

Н.Ә.Марабаев атындағы «Мұнайшы» қоғамдық қоры Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген геологы, бірқатар мұнай кен орындарын ашушы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1994), ардагер мұнайшы

Есқазиев Орынғазы Есқазыұлының қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады. Біз сіздермен бірге қайғырамыз. Өмірін абыроймен өткізген Орынғазы Есқазыұлы туралы жарқын естелік өлімінен де күшті болады. Біз оны есімізде сақтаймыз!

Н.Ә.Марабаев атындағы «Мұнайшы» қоғамдық қоры қамқоршылық кеңесінің мүшелері: Құлыбаев А.А., Ақшолоқов О., Марабаева Л.О., Исаев Р.Ж., Утешинов А.Н., Сматаулин Б.Ш., Махуов Б.М., Шамаров Ш.

БАСПАСӨЗ-2023

ЕЛДІҢ ТӨРІ – ЕЛОРДА ШЕЖІРЕСІ

«АСТАНА АҚШАМЫ»

АНЫҚТАМА ТЕЛЕФОНЫ

РЕДАКЦИЯ: 8 (7172) 42-43-52

ГАЗЕТКЕ 2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

*ГАЗЕТИМІЗДІ «ҚАЗПОШТА» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ БӨЛІМШЕЛЕРІНДЕ, СОНДАЙ-АҚ «АСТАНА АҚШАМЫ» ГАЗЕТИ РЕДАКЦИЯСЫНА (Достық көшесі 13, "Нұрсая-2" ТК) КЕЛІП ЖАЗДЫРЫП АЛУҒА БОЛАДЫ.

Индекс	Баспалық жазылу бағасы	Индекс	Баспалық жазылу бағасы
65617	1 айға 430 3 айға 1 335 6 айға 2 670	15617	1 айға 500 3 айға 1500 6 айға 3000
65617	«Қазпочта» АҚ арқылы жазылу бағасы 1 айға 629,71 3 айға 1 889,13 6 айға 3 778,26	15617	«Қазпочта» АҚ арқылы жазылу бағасы 1 айға 889,71 3 айға 2 669,13 6 айға 5 338,26
65617	«Express Press Astana» ЖШС 1 айға 740 3 айға 2 220 6 айға 4 440	15617	«Express Press Astana» ЖШС 1 айға 920 3 айға 2 760 6 айға 5 520

va-reklama@mail.ru

www.astana-akshamy.kz

КЛАССИКА ЖАУҒАРЛАРЫ ЖАУҒАН КҮН

Өткен аптада «Астана Опера» театрында Вена классикасының фестивалі салтанатты түрде ашылды. Фестивальге Жапония, Моңғолия, Израиль, Эстониядан шақырылған музыканттар мен театрдың шығармашылық ұжымы қатысуда. Бір ай бойы шақырылған музыканттар мен театрдың шығармашылық ұжымы классика жауһарларын астаналықтарға ұсынбақ.

Гүлшат
САПАРҚЫЗЫ

Фестивальдің алғашқы күнінде «Астана Опера» камералық оркестрі ҚР еңбек сіңірген қайраткері, маэстро Абзал Мұхитдиновтың жетекшілігімен өнер көрсетті. Дирижері – көптеген халықаралық байқаулардың лауреаты моңғолиялық Мунхбаяр Эрдэнэбаатар. Солист – оркестр концертмейстері, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Бағдат Әбілханов. Моңғолиялық дирижер мықты, қанша дегенмен даланың баласы емес пе, оркестрді тамаша басқарды.

Атақты Күләш Байсейітова тірі болса, бүгінгі музыка кешіне қатты қуанар еді деп ойлаймын. Бұлбұл апамыздың атындағы камералық залда керемет классика кеші өтті. Классикалық симфония жанрының негізін қалаушылар – Гайдн, Моцарт пен Бетховеннің шығармалары ойналған концерт жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Оркестрдің өнері бір төбе де, Бағдат Әбілхановтың еңбегі бір төбе. Мына музыканы тыңдап көрсеніз, скрипкадан баланың үні, күлгені, шаттанып қуанғаны,



ны, қиналып жылағаны – бәрі естіледі. Маэстроның орындауындағы ерекше нөмірлер бойынды балқытып, жүрегіңе жылы шуақ құяды. Симфониялық оркестрдің концертін кейін эстрада жанрын тіпті тыңдағың келмейді екен.

Вена мектебі ұлы композиторларының шығармашылығы алуан түрлі, сан қырлы таңдай қаққызады: Гайднның бекзат әсемдігі, Моцарттың таңғаларлық әуені, Бетховеннің қуаты, тағысын

тағылары тыңдарман жүрегің қазір де бей-жай қалдырмайды.

25 қаңтарда «Астана Операның» үлкен залы сахнасында театрдың симфониялық оркестрі мен хоры Абзал Мұхитдиннің жетекшілігінде асқақ өнерді бағалайтын жандардың назарына Моцарттың әйгілі шығармалары – №40 симфония мен Реквиемді ұсынады. Жеке партияларды орындайтындар: сопрано – Жамиля Джаркимбаева, альт – Салтанат Мұратбекова,

тенор – Рамзат Балакишиев, бас – Шыңғыс Расылхан. Бас хормейстер – Ержан Дәуітов.

31 қаңтарда №4 концерт аясында Израильден дирижер Арик Гольдштейн, солист – пианист Долорес Умбеталиева және оркестр әртістері К.Байсейітова атындағы камералық зал сахнасында мазмұнды бағдарламамен өнер көрсетеді. Ал 7 ақпанда фестивальдің қорытынды концертін қонағы маэстро Коки Гонгуй Янг (Жапония-Қытай) болмақ, ол осы кеште театрдың симфониялық оркестрін басқарады. Виолончелші Дәулет Шәкіров кеште солист болады.

Бір сұхбатында Бағдат Әбілханов «Осындай әлемдік классика жауһарларын Қазақстанда да, шетелде де қуана-қуана орындаймыз. А.Вивальдидің «Жыл мезгілдері» жарқын шығармасын тыңдамаған адамды білмейді екенмін. Осы туындының музыкасы балалық шағымыздан таныс, ол өте жеңіл, әдемі әрі үйлесімді. Балалық шақтағы естеліктерім әрдайым жадымда: демалыс күндері таңертең анам осы музыка жазылған пластинканы қосқан кезде, мен қуана оянатын едім. А.Вивальдидің жауһар туындысын сол кездері атақты органшы Евгения Лисицына тамаша орындаған. Осы туындының әртүрлі аспаптарға, соның ішінде домбыраға да арналған көптеген өңдеулері бар» деген еді.



ӘЙЕЛ ӘЛСІЗ ЕМЕС

Астанадағы орталық балалар және жасөспірімдер кітапханасында «Қарашаңырақ» республикалық қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен ақын, журналист-жазушы Фатима Забурқызының «Мықты әйел» кітабының таныстырылымы өтті.

Шараға Астана қаласы Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы басшысының орынбасары Әйгерім Молдабаева, Сарыарқа ауданы әкімдігі ішкі саясат бөлімінің бас маманы Аялым Адешова, елорданың зиялы қауымы, БАҚ өкілдері, ұстаздар, қаламгерлер, мектеп оқушылары, колледж студенттері қатысты.

Ұлағатты ұстаздар Қажымұрат Нәсіұлы, Роза Есенбаева, ақын, композитор Оспан Сүлеймен, журналист Айша Тұрмағамбетова,

ақын Ардақ Игенова авторды құттықтап, жаңа кітабына жоғары баға берді. Диктор, мәдениет саласының үздігі Қуат Ахметжанов ақынның өлеңдерін, оқушылар «Мықты әйел» кітабынан үзінді оқыды. Фанида Нұрбаева бастаған «Есіл толқындары» ансамблі ән шырқап, тамаша көңіл күй сыйлады. Осының алдында «Менің әкем – ең жақсы адам», «Жарық ғалам» кітаптары шыққан Фатима Забурқызына Сарыарқа ауданы әкімінің алғыс хаты тапсырылды.



ҚАЛЫҢ ҚАР – ЖЕРДІҢ НӘРІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Жексенбі күні елорданың орталық саябағының шаңғы-роллер трассасында қыс мерекесі – Дүниежүзілік қар күні аясында шаңғы жарысы бойынша балалар жарысы өтті. Мерекелік іс-шараға «AMANAT» партиясы Астана қалалық филиалының атқарушы хатшысы Берік Жақенов пен қалалық Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Самат Жылқыбаев қатысты.

– Балалар фестивалі

Халықаралық шаңғы федерациясының қолдауымен өтті, ол Қазақстан астанасында 2012 жылдан бері өткізіліп келеді. Жыл сайын жарысқа 2 жастан 18 жасқа дейінгі балалар мен жастар қатысады. Биыл мерекелік жарысқа 250-ден астам жас шаңғышы қатысты, – деді қалалық Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Медина Айтқалиева.

Жас шаңғышылар мен жанкүйерлер үшін дискотека, ойын старттары, сол сияқты сырғанауға болатын

алып банан мен сырғанақтар ұйымдастырылды.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер жас топтарында қашықтан жеке нәтижесі бойынша анықталып, тиісті дәрежелі сыйлықтармен және дипломдармен марапатталды.

Триумфаторлар мына санаттарда анықталды: балалар спринті (толық мәре бойынша), жаппай старт (барлық жарыстың толық мәресі бойынша), үздіктерін ғана анықтау (барлық жарыстың толық мәресі бойынша).



ЖЕҢІЛ АТЛЕТШІЛЕР ЖАРЫСЫ

23 қаңтарда Астана қаласының «Qazaqstan» жеңіл атлетика кешенінде жеңіл атлетикадан Astana Meeting World Indoor Tour өтеді.

World Athletics Indoor Tour – 2016 жылдан бері өткізіліп келе жатқан жабық орындағы жеңіл атлетика жарыстарының жыл сайынғы сериясы. Серия жабық манеждегі жеңіл атлетика жарыстарының беделін арттыру мақсатында гауһар лигасының үлгісінде жасалған.

Astana Meeting жарыстың күміс статусына ие. Бағдарламаға жеңіл атлетиканың 9 түрі енгізілген. Жарыстың әр түрінде,

отандық спортшылармен қатар, шетелдік спортшылар бақ сынасады. Жарысқа АҚШ, Португалия, Бразилия, Эфиопия, Марокко, Куба, Барбадос және т. б. елдерден 30-ға жуық спортшы қатысады. Бағдарламаның әр түрінде жүлде қоры 4000 АҚШ долларын құрайды. Бұл жарыс отандық жеңіл атлетиканың халықаралық деңгейдегі беделін және спортшылар арасындағы бәсекелестікті арттырады.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор –
Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор –
Еркін ҚЫДЫП

Бас редактордың
орынбасары –
Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды
сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №6

Баспаханасы: Астана қаласы,
Бейбітшілік көшесі, 8. 5-кеңсе
«КОМЕК ИНВ» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы,
Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі:
тел./факс: +7 (7172) 42-43-81
Тілшілер бөлімі: 42-41-03
Жарнама: 42-43-52
Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Индира БЕРЖАНОВА